

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

кұраған. Бұған сол кезеңдегі нарықтық қыспақтар секілді теріс факторлардың әсер еткенін ескере кеткен жөн [6, 39 б.].

Жалпы, Қазақстан тәуелсіздік алғалы көптеген ірі өзгерістер жасады. Бұл музей саласына да әсер етті. Мемлекеттік қолдаудың көрсетілуі және музей ісін жаңаша түрде ұйымдастыру мен қаржыландыру, музей ісінің мазмұнын өзгерту, мамандарды даярлау және тағы да басқа болып жатқан оң дүниелерді ауыз толтырып айтуға болады.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін қорытындылай келе, Қазақстандағы музей ісінің көп жылдық тарихы бар. Ол тарихи процестерге, құбылыстар мен оқиғаларға байланысты әр кезде әрқалай дамып, кейде бәсеңдеп отырды. Бірақ қай кезде болмасын қоғам талаптарын, келушілердің сұраныстарын қанағаттандырып отырды. Бүгінгі таңда музейлердің қоғамдағы орны біршама анықталған, музей ісінің тәжірибесі мен теориясы дамыған. Музей саласының дамуында өзіміздің ұлттық даму жолымызды қалыптастыра алдық. Бұл осы мәдени-тарихи саласындағы үлкен жетістігіміз. Қазақстан музейлерінің жүріп өткен жолы болашақта өз жалғасын табатындығы айдан анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Сатубалдин А.К. Музейный мир Казахстана: Основные направления деятельности // Вестник Кемеровского государственного университета культуры и искусств. Серия Культурология, 2020. -№52. – С.120-129.

2 Балтабаева А.М. Развитие музейного дела в Казахстане в условиях культурного строительства // Омский научный вестник. Серия История, 2010. -№6(92). –С. 26-29.

3 Алиясова В.Н. Развитие музейного дела в Казахстане в условиях культурного строительства // Известия Алтайского государственного университета. Серия История, 2008. – С. 7-9.

4 Ибраева А. Музейтану: тарих мамандықтарына арналған оқулық. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2013. – 251 б.

5 Файзуллина Г.Ш., Асанова С.А. Музейное дело Казахстана: вопросы истории и практики. – Алматы: «Университет «Туран», 2022. –344 с.

6 Байгунаков Д.С. Қазақстандағы музей ісі. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 192 б.

ӘОЖ 93/94

«КЕНЕСАРЫ-НАУРЫЗБАЙ» ЖЫРЫНЫҢ ТАРИХИ НЕГІЗІ

Үсенқұл Шыңғыс Омарбекұлы

shina14062001@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің тарих факультетінің

2-курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Дүкенбаева З.О.

Қазақ халқының тарихында XIX ғасыр ұлт-азаттық көтерілістерге толы болған күрделі кезең болды. XIX ғасырдың жиырмасыншы жылдары Патшалық Ресейдің қазақ даласында хандық билікті жойып, жаңа әкімшілік-басқару құрылымдарын құру жарлығына қазақ халқы қарсы тұрды. Яғни, патша өкіметі қазақ халқының дәстүрлі өмір сүру формасын бұзу арқылы, тез арада отарлап алуға тырысты.

XIX ғасырдағы көтерілістер өз кезегінде екі түрлі сипат және бағыт алды. Оның бірінші түрі: Қазақ хандығынан келе жатқан хандық билікті алуға тырысқан патша үкіметіне қарсы шыққан Шыңғыс хан ұрпақтары бастаған ұлт-азаттық көтерілістері. Екінші түрі: қаналған қазақ шаруаларының отаршылдық езгіге қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалысы болды. Бұл көтерілістің негізгі қозғаушы күші езілген қазақ шаруалары еді, - деп жазады белгілі тарихшы ғалым Нығмет Мыңжан [1].

Қазақ ұлтының тарихындағы күрделі кез тұсында азаттық үшін күресіп, халық үшін өз өмірін арнаған ұлт көсемдері жетерлік. XIX ғасырда болған үш жүздіде қамтыған, ауқымды көтерілісті бастаған қазақтың соңғы ханы Кенесары хан еді. «Ұлт тарихының сондай күрделі кезеңінде ешқандай да мүдірместен азаттық үшін күрес жолына түсіп, Кене хан сияқты тарихи тұлғаның жалпыұлттық қызметіне қолдау көрсетіп, ханның сенімді серіктері қатарында болып, олардың қуанышы мен қайғысын бірге бөліскен тұлғалардың бірі Нысанбай жырау Жаманқұлұлы», - деп пікір білдірді, тарихшы Мәмбет Қойгелдиев [2].

Кенесары хан ағасы Саржан төренің әскерінің құрамында тұңғыш рет 1825 жылы соғысқа қатысқандығы тарихи деректерден белгілі. Ол көтерілісшілердің көсемі ретінде тарих сахынасына 1837 жылы шығады. 1841 жылдың қыркүйек айында қазақ руларының өкілдері ата дәстүр салтымен Кенесарыны ақ киізге көтеріп, хан сайлайды. Жиырма жыл бойы патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы күрескен Кенесары хан 1845 жылы қырғыздардың қолынан қаза табады. Осы оқиғаның бастан-аяқ қасында болған Көкшетаулық ақын, әрі Кенесары ханның ең жақын достарының бірі Нысанбай жырау өзінің "Кенесары-Наурызбай" дастанын жазады.

Тарихи жырда басталуы "Кенесары-Наурызбай" өлімін ақылсыздықтың салдары деп сынай отырып ақын орыс отаршылдығына қарсы көтерілген Абылай ұрпақтарының ат үстінен түспей қару асынған "ер етігімен су кешкен, ат ауыздығымен су ішкен" қиын кезеңде өмір сүргендігін былайша жеткізеді:

"...Абылай ханның баласы
Асып туған Қасым-ды.
Арғы тегін сұрасаң,
Шынжыр қатар асылды.
Саржан атқа мінген соң
Төренің бағы ашылды.
Қарсы келген егесіп,
Дұшпанның көңілі басылды.
Жалғыз Саржан не болар,
Есенгелді қосылды,
Кімге апарып теңейміз,
Наурызбай сынды жас ұлды?" [3].

Тарихи жырда 1822 жылы "Сібір қазақтары туралы ереженің" Орта жүзге енгізілуіне байланысты, хандық биліктің қалпына келтірілуін, приказды жоюды, қазақ даласындағы әскерлерді әкетуді және қазақтардың бұрынғы еркіндігін қайтаруды талап еткен Қасым ханның үлкен ұлының, яғни Саржан төренің іс-әрекетін бейнелейді. Ағасының ісін қолдаған Есенгелді, Кенесары, Наурызбай ерлігін ақын асқақтата жырлау арқылы, өзінің де оларға тілектес екендігін сездіртеді. Алайда, Кенесары-Наурызбайдың орыс отаршылдығына қарсы көтерілісінен гөрі жырда қырғызбен болған қақтығысқа арналған. Содан да заман шындығы қырғыз бен қазақ арасындағы қақтығыста көбірек ашылып отырады.

Жырда қырғыз-қазақ арасындағы қақтығысқа себепші болған оқиғаны, ақын терең ашпайды. Тек саяси себептерін бүркемелеп, әлеуметтік-тұрмыстық деңгейдегі қайшылықтарымен сабақтастырады:

Бар кінәсі қырғыздың
Жалғыз атты ұрлаған.
Атын алған қырғызға,
Хан үйінде жынданған.
Ерегеспен бұздырды,
Қанайдың тамын сырланған.

Әрине, мұндай ауқымды соғысқа себепші болған Кенесары ханның жалғыз "Торы төбел" аты дегенге ғалым-зерттеушілерді айтпағанның өзінде, сауатты оқырманның да нана қоюы екі талай. Мұның саяси астарын бүркемелеу кейін екі халық арасында сызат түспесін

деген ниетпен ақынның өз тарапынан немесе жырдың өңдеушілерінің тарапынан болғандығы анық.

Тарихи жырлардың тағы басқа нұсқадағы «Кенесары-Наурызбай» жырында мынандай оқиға бейнелейді:

Баса қонды хан Кене,
Қоқидың шалқар көліне.
Баса қонған Кененің
Базынасын көтермей,
Қырғыздың ханы Қалша хан

Жар салады еліне, [4] - деп тағы бір шындықтың бетін ашады. Әрине, бұл алғашқыдан қарағанда тарихи шындыққа біршама жақын.

Енді нақты тарихи деректерге жүгініп көрейік. Белгілі тарихшы Ермұхан Бекмаханов өзінің "Қазақстан XIX ғасырдың 20-40-жылдарында" деген атпен жарияланған еңбегінде, яғни монографиясында Кенесарымен соңына дейін бірге болған Нысанбай ақын Кенесарының туысқан қырғыз халқынан көмек сұрағаны жайлы былай деп жазады: "Солтүстіктен орыстар басып алып келе жатыр, оларға тек мал мен жеріңді беріп, балаңды солдатқа берсең ғана тыныш өмір сүре аласың. Шығыстан шүршіттер (қытайлар) шекаралас, олар да қазақтарға бұрыннан өш. Оңтүстіктен Қоқан тұр қоқаңдап, әйел мен бала-шағаға зорлық көрсетіп, қарсы келсең дарға асудан тайынбайды. Күн сайын найзасын шошандатып, мазанды алады. Атам қазақ "Туысың еш уақытта зәбір көрсетпес" деген қазақ пен қырғыз - тегі бір, туыс халық" .

Кенесарының қырғыздармен бірігіп, Қоқан хандығына қарсы күресуге шақырғандығы туралы Сыдықов өзінің "Қырғыз тарихы" еңбегінде тоқталып өткен. Ол былай деп жазады: "Қазақ ханы Кенесары Орманға өзінің өкілін жіберіп, қазақ пен қырғыз бірігіп, жауға қарсы күресуіне өтініш жасады. Кенесарының қырғыздармен келіссөзі нәтижесіз аяқталды. Жантай бастаған сарыбағыш руының манаптары Кенесары ұсынысын қабыл алмады. Сонымен бірге, олар өзінің туыстарын қазақ ауылдарына шабуыл жасауға үгіттей бастады. Қырғыздармен қатынасын шиеленістірмес үшін, Кенесары өзінің ауылдарына шабуыл жасаған кезде тұтқындалған Қалша би бастаған екі жүз жігітті 1846 жылы тұтқыннан босатты" [5].

Жоғарыда келтірілген деректер, жырдағы шындық пен тарихи шындықтың қайшылығын айқын көрсетеді. Жырда Кенесары хан сарбаздары мен қырғыз соғысына қырғыздардың, Кенесарының "Торы төбел" атының ұрлануы себепкер болса, енді қазақтар тарапынан ашық жаулыққа көшкенінің белгісі ретінде кезінде қырғыз халқының белгілі батыры болған Қанайдың қабірін бұздырады. Түркі тектес халықтар арасында келе жатқан дәстүр бойынша ата-баба "Қабірін бұзу" ең үлкен қорлау деп саналған. Осылайша ақын тарихи шындық бойынша үлкен саяси мәні бар оқиғаны әлеуметтік, тұрмыстық, салт-сана қайшылығы деңгейіне түсіреді. Мұның өзіндік себептері туралы жоғарыда тоқталдық.

Тарихи жырдың негізгі бөлігінде Кенесары ханның өлімі туралы баяндалады. Жырда Рүстем сұлтан мен Сыпатай батырдың қырғыздармен келісімге келіп, бір түннің ішінде он екі мың дулатты көшіріп, аз ғана әскермен қалған Кене хан қырғыздармен соғысып, көп қазақтың қырылғандығы туралы айтылады. Көп жыршылар мен ғалымдар осы Кенесарының соңғы шайқасы болған Алатаудағы, Кекілік Сеңгір жерінде болған шайқаста жеңілуінің себебін осы фактормен байланыстырады. Архив құжаттарына сүйенген тарихшыларда осы нұсқаны құп көреді. Н.Середа «Алатау тауларындағы шатқалдардың бірінде Кенесары ханға өзінің әскерінен қуаттылығы жоғары жау шабуыл жасап, қызу шайқас басталды, онда Дулаттың (Рүстем төре мен Сыпатай батыр) сатқындығының арқасында Кенесары хан мен інісі Наурызбай бастаған 3000 адамнан тұратын барлық әскерлері өлді» - деп жазады [6]. Қырғыз тарихшысы Б.Жамгерчиновта бұл нұсқаны қуаттайды. Ол Сыпатай батырды Орман ханмен жасырын байланыс орнатып, Сыпатай батырдың Кенесары ханды кері шегіндіруге тырысқандығын жазады. «Сіз тек қырғыздардың шабақ сияқты аз күшімен ғана соғыстыңыз, әлі ірі сазандары алда» деп сендірген [7].

Қазақтың өзара алауыздығы, Кенесарының жеңілісін жеделдетті. Тарихшы ғалым Е.Бекмаханов: "...қазақ сұлтаны Рүстем мен Сыпатай би Кенесары қозғалысына тоналудан қорқып қосылған адамдар еді. Шайқас болар алдындағы түнде олар Кенесары жасақтарынан қашып кетті", [5] - деп жазады. Сатқындықтың салдары Кенесары мен Наурызбайдың қырғыз қолынан қаза табуына әкеп соғады. Бұл жердеде тарихшылар мен жырды жырлап қалдырған жыраулардың деректері бірін бірі толықтырып отырады. Бірақ, бұл деректердің Рүстем төре мен Сыпатай батырдың неліктен Кенесары ханнан теріс айналып кеткендігі туралы оқиғаның сырын ашпайды және ол туралы мәліметтер аз. Бұл оқиға әлі де көп зерттеу жұмыстарын талап етеді.

Кенесары ханның он жыл бойы Ресей отарлық езгісіне қарсы көтерілген ерен ерлігін мақтан тұтқандықтан туындаса керек. Сол арқылы, XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқының бассыз денедей Ресей империясының обыр аузына жұтылып, бара жатқан аянышты тағдырын бейнелейді.

Осылайша жыр дәуір келбетін, заман бейнесін беруде, қырғыз-қазаққа қатысты кейбір шындықтың жібін босаңсытқанмен, негізгі арқау XIX ғасырдағы қазақ халқының, Ресей, Қытай, Қоқан хандықтарының арасында қиындық көріп, Кенесары ханның тарихи жолын шынайы жеткізеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. –Алматы, Жалын, 1994. 310 б.
- 2 Қойгелдиев М. Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» дастаны: Уақыт тезінен өткен жыр. Ғылыми мақала
- 3 Хан Кене. Алматы: Жалын, 1993. 294 б.
- 4 Жұмабаев Ә. Жол айрығында. Кітапта: Хан Кене // Құрастырған: Е.Дүйсенбай. Алматы: Жалын, 1993. 294 б.
- 5 Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. -Алматы «Санат», 1994. -325 б.
- 6 Середа Н. Бунт Киргизского султана Кенесары Касымова // Вестник Европы. 1870, 569 с.
- 7 Жамгерчинов Б. Добровольное вхождение Киргизии в состав России. – Фрунзе, 1963. – С. 125.

ӘОЖ 93/94

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА ҚҰРЫЛҒАН ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ ОРТАЛЫҚТАР, ТАРИХЫ МЕН ҚЫЗМЕТТЕРІ (1991-2000 ЖЖ.)

Файзулла Әли Бөкенбайұлы

alifaizulla2001@gmail.com

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Еспенбетова

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ел тарихында ауыр кездердің бірі болды. Ел саяси экономикалық тұрғыдан әлсіреуі елдің рухани мәдени өміріне де әсер етті. Қазақстан көп ұлтты ел екені белгілі тәуелсіздігімізді алған соң елде әр түрлі мәдени орталықтар жұмыс жасай бастады. Олардың басты мақсаты өз ұлттарының тарихи мәдени ерекшеліктерін сақтау және келер ұрпаққа жеткізу. Сондай мәдени орталықтардан алғаш құрылған орталық 1990 жылдың 21 қаңтарында құрылған «Дәстүр» қазақ ұлттық мәдени орталығы болды. Орталықтың негізгі мақсаты қазақ халқының тарихи, әдеби, халық әндері, архив деректері мен қолөнері және тұрмыс салтын зерттеу насихаттау. «Дәстүр» мәдени орталығының міндеттері архив материалдары арқылы этнографиясын тарихын әдебиетін зерттеу және насихаттау. Ғалымдардың еңбектерін ел көлемінде жариялау қазақ халқының этнографиялық тарихи деректерін қорғау. Мәдени орталықтың ұйымдастырған шаралары қазақтың ұлттық